

С.А.САРТАЕВ

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық
және әкімшілік құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.*

ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ӘДІЛЕТТІЛІК ҚАҒИДАСЫН ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Аннотация

Осы мақаланың негізгі мазмұны заңды жауапкершілікті жүзеге асырудағы әділеттілік қағидасын теориялық-құқықтық талдауы болып табылады. Заңды жауапкершіліктің маңызды қағидаларының бірі әділеттілік қағидасы болып табылады. Бұл қағида заңды жауапкершілік қағидасы мәселесін талдауға жүгінген әр автордың ерекше ықыласы түсер қағида болып табылады. Зерттеушілер бірауыздан аталған қағиданың маңыздылығын құптағанымен, оның мазмұнын әртүрлі тұрғыда ашады. Әділеттілік қағидасы - құқықтық мәдениетте адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың белгілі тәртібіне тікелей қатысты қағида, адамның қоғам алдында ғана емес, сонымен бірге қоғамның тұлға үшін де жауаптылығын көрсететін, адамның өмір сүру жағдайлары мен сапасын білдіретін әлеуметтік-этикалық категория. Әділеттілік ізгіліктің іргетасы.

Тірек сөздер: әділеттілік қағидасы, құқықтық мәдениет, заңды жауапкершілік, ізгілік.

Ключевые слова: принцип справедливости, правовая культура, юридическая ответственность, гуманизм.

Keywords: principle of justice, legal culture, legal responsibility, humanism.

Заңды жауапкершіліктің маңызды қағидаларының бірі әділеттілік қағидасы болып табылады. Бұл қағида заңды жауапкершілік қағидасы мәселесін талдауға жүгінген әр автордың ерекше ықыласы түсер қағида болып табылады. Зерттеушілер бірауыздан аталған қағиданың маңыздылығын құптағанымен, оның мазмұнын әртүрлі тұрғыда ашады.

Мысалы; В.С. Нерсисянц заңды жауапкершіліктің әділеттілік қағидасы нақты тұрғыда тұлғаның нақты құқық бұзушылық үшін заңды жауапкершілік негізін жалпылама құқықтық бағалау, оны тағайындаудың әдістері болып табылады [1., 527-529 бб.], деп есептейді.

Автор, мұнда біздің пікіріміз бойынша, әділеттілік қағидасын заңды жауапкершілік институтының барлық дерлік элементтерін қоса отырып кең тұрғыда қарастырады. Мұндай тұрғыда қарастыру, «әділеттілік қағидасы» категориясының нақтылығын жояды, ал ол өз кезегінде құқық шығармашылық пен құқық қолдану тәжірибесіне кері әсерін тигізеді анық.

А.Ф. Черданцев пікірі бойынша, жауапкершілік әділеттілігі құқық бұзушылыққа қолданатын жауапкершілік шараларының сәйкес келуінде болып табылады. Автор әділеттілік қағидасының айқын көрінісі ретінде қылмыстық және әкімшілік істер бойынша кінәсіздік презумпциясы, жауапкершілікті ауырлататын заңның кері күшіне жол берілмейтіндігі және тағы басқа деп көрсетеді [2., 41 б.].

Біздің ойымызша, А.Ф. Черданцевтің әділеттілік қағидасына деген мұндай көзқарасымен толық келісуге болмайды. Мұндай тұрғыда түсінуде заңды жауапкершілік институты – материалды құқықтық екені, сәйкесінше заңды жауапкершіліктің әділеттілік қағидасы кінәсіздік презумпциясында көрініс таба алмайтындығы ескерусіз қалады.

Әділеттілік қағидасына И.С. Самощенко мен М.Х. Фарукшин «Ответственность по советскому законодательству» атты жұмысында ұқсас сипаттама береді. Оның мазмұнын аша отырып, авторлар, заңды жауапкершілікке қатысты әділеттілік қағидасына қойылатын талаптар келесіден көрініс табуы қажет деп есептейді:

- құқық бұзушылықпен келген зиян қайтымды сипатқа ие болған кезде, ең алдымен бұзылған құқықтарды толығымен қалпына келтіруді қамтамасыз етуі қажет;

- құқық бұзушылықпен келген зиян қайтымсыз болған жағдайда, мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары түрі мен көлемі бойынша құқық бұзушылықпен келтірілген қоғамдық зиян деңгейі мен сипатына сәйке болуы тиіс.

- санкцияларды (әсіресе жазалаушы) заңмен тыйым салынған әрекеттер туралы қоғамдық қатынас қатысушыларына мәлім болғаннан кейін ғана қолдануға жол беріледі.

- әділеттілік, кінәлі тек өзінің құқыққа қайшы әрекетіне ғана жауап беруді талап етеді.

- әділеттілік бір құқық бұзушылық үшін бір ғана талап етеді [3., 42-43 бб.].

Мұндағы айта кетер жәйт, қағида бұл қандай-да құқықтық құбылыстың белгісін айқындайтын идея. Заңды жауапкершіліктің әділеттілік қағидасы мазмұнына жауапкершілік мақсаттарын қосу көзқарасына байланысты айтарымыз, мұнда жауапкершілік қағидасы мен жауапкершілік мақсаты – әр түрлі құбылыстар болғандықтан бір ұғымға біріктіруге болмайды. Сондай-ақ жауапкершіліктің екіеселенуіне жол берілмеушілік әділеттілік қағидасының көрініс табуы ретінде қарастырыла алмайды. Жауапкершіліктің екі еселенуі заңды жауапкершілікке емес, заңды жауапкершілік шараларын қолдануға қатысты болып табылады.

Мұндай түрлі көзқарастарды есепке ала отырып, заңды жауапкершіліктің әділеттілік қағидасының мазмұнын ашу үшін «әділеттілік» категориясын талдау қажеттілігі туындайды.

Әділеттілік түсінігі ертеден бастап-ақ философия, этика және басқа да қоғамдық ғылымдарда қарастырылып келеді.

Кезінде әділеттілік түсінігін Аристотель «Этика» атты еңбегінде талқылаған. Аталған түсінікті ол екі түрге бөлген: заңды категория мағынасындағы әділеттілік және бірқалыптылық мағынасындағы әділеттілік. Заңды категория ретіндегі әділеттілікті Аристотель заңдылыққа теңестіреді. Сәйкесінше заң бұзушылықты Аристотель әділетсіздіктің бірінші түрі ретінде қарастырады. Ал арнайы әділеттілікті адамдар арасында бөлінуі мүмкін барлық нәрсенің өзара мөлшермен теңдей болуы деп түсіндіреді [4., 13 б.].

Сондай-ақ әділеттілік «жоғары рақымшылық» (Цицерон), «адам өмірінің құндылығы» (И. Кант), «қажеттілік» (Л. Бернс), «әрекеттегі шынайылық» (Жубер) ретінде де қарастырылып келді [5., 119 б.].

Р. Иеринг «Цель в праве» жұмысында әділеттілік идеясын қайырымды іс пен оған деген құрмет, жаман іс пен жазаның арасындағы тепе-теңдік мүдделерінің қоғам мүддесіне сәйкес келуі деген пікірге келеді. Р. Иеринг судьялардың шешімін әділетті деп есептейді және әділеттілік түсінігі құқықтағы теңдік қағидасына негізделген деп нақтылайды [4. 14 б.].

Заманауи батыс ғылымында «әділеттілік» категориясы жалпыгуманистік тұрғыда қарастырылады [6.]. Мысалы, Д. Роулз пікірі бойынша әділеттілік – бұл адамдар арасындағы теңсіздікті жою құралы.

Кеңестік кезеңде әділеттілік түсінігі таптық тұрғыда анықталды. Мысалы В.В. Козловский әділеттілікті жеке меншік қатынастарынан туындайтын қоғамдық байланыс үлгісі [7., 19 б.], деп түсіндірсе, Т.В. Мальцевтің пікірі бойынша, әділеттілік түсінігінің негізгі элементтері, бір жағынан, айырбас және бөлу типіндегі қоғамдық қатынастар жиынтығы, екінші жағынан, әлеуметтік, өндірістік тәжірибе негізінде өңделген идеологиялық құндылықтар болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық, саяси қатынастардың өзгеруі философиялық, тарихи, құқықтық және басқа да категорияларды талдауды елеулі түрде өзгертеді. Бұл «әділеттілік» категориясына да қатысты.

Қазіргі уақытта әділеттілікке сипаттама бергенде жалпыадамзаттық құндылықтарды, құқық пен моральдың, өнегелік құбылыстармен байланысын түсіну есепке алынады [8., 67 б.]. Әділеттілік құндылықтарды жүзеге асырудың талаптары ретінде қарастырылып, өзге тұлғаларға қатысты әділ болудан, оны сыйлаудан, тұлғаның бостандығына қол сұғылмаушылықтан және мәдени құндылықтарды жасауға бөгет болмаудан құралады.

Жоғарыдағы пікірлерді жинақтай отырып, әділеттілікті үлесті қатынастарды жүзеге асыру мен бағалауда, реттеу мен құруда қолданылатын және үлестіру үшін негіз болып табылатын құбылыстар арасындағы сәйкестікті көрсететін моральдық-этикалық категория ретінде анықтауға болады.

Іздену шеңберінде әділеттілікті жалпы моральдық-этикалық категория және қоғамдық қатынастарды реттеуші құқық ретіндегі ара-қатынасын зерттеуге де көңіл

бөлінеді. Әділеттілік пен құқықтың өзара байланысы XIX-XX ғғ. атақты заңгерлермен қарастырылады. Атап айтар болсақ, Б.А. Кистяковский құқықтың шынайы келбеті өнегелік сипатқа ие, сондай-ақ құқық барлығына міндетті өнегелік талаптардан құрылған деп есептейді. Ал С.С. Алексеев әділеттілікті құқықтың негізгі құндылығы десе, С. Котляревский демократиялық мемлекеттің заңдары жалпы игілік қағидасына негізделуі керек деп түйіндейді.

Кеңестік кезең әдебиеттерінде әділеттілік қағидалар жүйесінде ерекше орынға ие құқықтың қағидасы ретінде қарастырылды. С.С. Алексеев осы тұрғыда әділеттілікті құқықтық институттардың құрылуы бастамаларына тән нормативті-құқықтық реттеу әдісінде жүзеге асырылатын құқықтық қағида мәніне ие болатын, қоғамдағы әлеуметтік-өнегелік құбылыс деген пікірге келеді. Әрі қарай жалғастырып, «әділеттілік заң тәжірибесінде өздігінше мәнге ие: ол соттар мен құзіретті органдарға істерді шешуде жетекші бастамалардың бірі болып табылады [9., 108-109 бб.] дейді.

Сондай-ақ В.Н. Карташов әділеттілік қағидасы құқық қолдану қызметінде іске асады деген пікірде. Оның пікірінше, құқық қолдану тәжірибесіндегі осы қағиданың рөлі төрт аспект бойынша қарастырылуы қажет. Біріншіден, әділеттілік құқықтың мазмұнында қалыптасқан. Екіншіден, құқық қолдану тәжірибесінің субъектілерінің қызметі әділеттілік идеясынан құралған болуы тиіс. Үшіншіден, шығарылған шешімдер, құқықтар мен міндеттерді бекітетін құқық қолдану актілер, заңды жауапкершіліктер нысаны мен мәні әділетті болуы тиіс. Төртіншіден, құқық қолдану тәжірибесі әлеуметтік әділеттілік қағидасының барлық қоғамдық қатынас салаларында толық жүзеге асырылуының негізгі заңды құралы ретінде қызмет атқаруы тиіс [10., 25-26 бб.].

Жалпы құқық теориясында әділеттілік қағидасы құқық қағидасы ретінде қарастырылмайтын көзқарастар да бар. Сондай-ақ әділеттілікті құқық қағидасы емес, кеңестік құқық нормаларының ерекшеліктері, қасиеті деушілер де бар.

Қорыта келе, әділеттілік қағидасына мынадай анықтама беруге болады, құқықтық мәдениетте адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың белгілі тәртібіне тікелей қатысты қағида, адамның қоғам алдында ғана емес, сонымен бірге қоғамның тұлға үшін де жауаптылығын көрсететін, адамның өмір сүру жағдайлары мен сапасын білдіретін әлеуметтік-этикалық категория. Әділеттілік – ізгіліктің іргетасы.

ӘДЕБИЕТ

1 Нерсисянц В.С. Общая теория права и государства. Учебник для юридических ВУЗов и факультетов. – М., 1999. – 567 с.

2 Черданцев А.Ф. О понятии и содержании юридической ответственности.// Правоведение. - 1976. – №5 - С. 39-48.

3 Самощенко И.С., Фаркушин М.Х. Ответственность по советскому законодательству. – М., 1971. – С. 42-43.

4 Боннер А.Т. Законность и справедливость в правоприменительной деятельности. – М., 1992. – 156 с.

5 Щенникова Л.В. Справедливость и добросовестность в гражданском праве.// Государство и право. – 1997. – №6. - С. - 119.

6 О свободе. Антология западно-европейской классической либеральной мысли. – М., 1995. – 234 с.

7 Козловский В.В. Социальная справедливость и социальная ответственность. – М., 1998. – С. 19.

8 Мальцев Г.В. Социальная справедливость и право. – М., 1977. – С. 67.

9 Алексеев С.С. Проблемы теории права. Т.1. – Свердловск., 1972. – С. 108-109.

10 Карташов В.Н. Правоприменительная практика в социалистическом обществе. – Ярославль, 1986. - С 25-26.

Резюме

В данной статье рассматриваются теоретико-правовые основы принципа справедливости юридической ответственности.

Summary

This article discusses the theoretical and legal basis for an equitable legal liability.